

**1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән**  
**Биология**  
**Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Жер ғаламшарының белсенді тіршілігі бар аймағын қамтиды

- A) ноосфера
- B) биосфера
- C) стратосфера
- D) литосфера
- E) гидросфера

2. Адам ұрығы дамитын анасының арнайы мүшесі

- A) ұрықжолдас
- B) жатыр
- C) плацента
- D) гастрұла
- E) делеция

3. Органикалық дүние эволюциясында ең соңғы пайда болған биологиялық түр

- A) нәсілдер
- B) адам
- C) сүтқоректілер
- D) омыртқалылар
- E) архантроп

4. Тұқымқуалайтын өзгергіштігі айқын байқалатын жекелеген адам топтары

- A) нәсілдер
- B) антроморфоз
- C) идиоадаптация
- D) ароморфоз
- E) дегенерация

5. Қазіргі кездегі жер бетінде мекендейтін адамдардың түрі

- A) архантроптар
- B) синантроптар
- C) питекантроптар
- D) саналы адам
- E) неандертальдықтар

6. Қазіргі кезде биолог ғалымдар мен архитекторлар құрылыс қабырғасына «тыныс алудың» экологиялық жүйесін енгізуді жоспарлауда зерттеп жатқандары

- A) фотосинтез механизмі
- B) жасушалық тыныс алу
- C) жапырақ құрылысы
- D) зат алмасу процесі
- E) белок биосинтезі

7. Эйфель мұнарасын салу барысында зерттеп пайдаланған тірі организмдердің мүше бөліктері

- A) жіліктердің сүйектері
- B) термиттер ұясы
- C) жапырақ құрылысы
- D) діңнің құрылысы
- E) аралар ұясы

8. Табиғаттағы тірі организмдердің жетістіктерін инженерлік мақсатта қолдану идеясын ұсынған

- A) Карл Линней
- B) Леонардо да Винчи
- C) П.И.Мариковский
- D) Жорж де Местрал
- E) В.И.Вернадский

9. Биология мен техника жетістіктерінің жаңа тетіктерін өндіріске енгізу

- A) биониканың мақсаты
- B) архитектураның мақсаты
- C) нанотехнология саласы
- D) гендік инженерия
- E) жаңа технология

10. Организмдер мақсатына жету үшін бір-біріне қатты зиян келтірмейтін кез келген антагонизмдік қарым-қатынас

- A) бәсекелестік
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенез

11. Бір организм екіншісінің есебінен тіршілік етіп, оған зиян келтіретін, бірақ, әдетте өлтірмейтін түр аралық қарым-қатынас формасы

- A) антагонизм
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

12. Жеке организмдердің тұраралық өзара қарым-қатынасы

- A) антагонизм
- B) паразитизм
- C) симбиоз
- D) нейтрализм
- E) антропогенизм

13. Бірегей аумақтарды қамтитын, даралар топтарын құрайтын экологиялық популяциялар

- A) географиялық популяция
- B) биогеоценоз
- C) биоценоз
- D) қарапайым популяция
- E) экологиялық жүйе

14. Табиғатта бірегей кішігірім аумақтарды мекендейтін бір түрге жататын даралар жиынтығы

- A) автотрофты организмдер
- B) топтанып таралу
- C) популяция саны
- D) қарапайым популяция
- E) экологиялық жүйе

15. Жарық энергиясын пайдаланып бейорганикалық заттардан органикалық заттар синтездейтін жасыл өсімдіктер

- A) редуценттер
- B) продуценттер
- C) консументтер
- D) биоценоз
- E) экожүйе

16. Көмілген дән ұзақ уақыт бойы өнбей алғашқы қалпын сақтайтын жер (қойма)

- A) құмырсқа илеуі
- B) қоңыздар қиы
- C) қой қорасы
- D) аралар ұясы
- E) термиттер ұясы

17. Аспан әлеміндегі жұлдыздарды бақылауға «арнайы тапсырма» алған жәндіктер

- A) дәуіттер
- B) қоңыздар
- C) қандалалар
- D) көбелектер
- E) құмырсқалар

18. Ошаған жемісінің жабысқыш қасиеттеріне негіздеп қазіргі кездегі жабысқышты (липучка) ойлап тапқан инженер

- A) Леонардо да Винчи
- B) Жорж де Местрал
- C) Г. Де Фриз
- D) В.И.Вернадский
- E) П.И.Мариковский

19. XX ғасырда француз астрономдары байқаған бізге көрінбейтін жұлдыздардан шығатын ультракүлгін сәулелерді қабылдайтын насеком түрлері

- A) кейбір құмырсқалар
- B) түнгі көбелектер
- C) түнгі қоңыздар
- D) өсімдік қандалалары
- E) бал аралары

20. Тірі организмдер құрылысындағы ерекше жетістіктерді зерттеп, оның экономикалық тұрғыдан тиімді тетіктерін өнеркәсіпте қолданумен айналысатын

- A) биотехнология ғылымы
- B) архитектуралық құрылыс бионикасы
- C) нанотехнология саласы
- D) гендік инженерия саласы
- E) жаңа технология бағыты

***1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.***

**2-БЛОК: Арнайы пән  
Агрономия негіздері  
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар**

1. Өсімдік қоректенуінің негізгі азоттық көзі

- A) Торф
- B) Қаратопырақ
- C) Қарашірінді
- D) Қорда
- E) Гумус

2. Топырақ құнарлылығы

- A) Топырақтың өсімдіктерді көмір қышқыл газымен қамтамасыз ету қабілеті
- B) Топырақтың өсімдіктерді микроэлементтермен қамтамасыз ету қабілеті
- C) Топырақтың өсімдіктерді минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету қабілеті
- D) Топырақтың өсімдіктерді сумен, қорекпен және басқа жағдайлармен қамтамасыз ету қабілеті
- E) Топырақтың өсімдіктерді органикалық тыңайтқыштармен қамтамасыз ету қабілеті

3. Әлсіз қышқыл топырақтағы топырақ реакциясы (рН)

- A) рН 4,0-5,5
- B) рН 5,5-6,5
- C) рН 4,5-5,0
- D) рН 6,0-6,5
- E) рН 5,0-6,0

4. Топырақты өндегенде оған қарсылық көрсете алатын қабілеті

- A) Байланыстылық
- B) Жабысқақтық
- C) Топырақ қабыршағы
- D) Қаттылық
- E) Физикалық пісуі

5. Топырақ көлемін ұлғайту үшін оның бөлшектерінің өзара орналасуын өзгерту

- A) Араластыру
- B) Тегістеу
- C) Нығыздау
- D) Аңыз сақтау
- E) Қопсыту

6. Топырақ қабатын мейлінше қопсытып, үстіңгі қара шірікті өсімдіктің тамыр жүйесі жайылған тереңге түсіріп, төменгі топырақ қабатын бетіне көтеріп өңдеу әдісі

- A) Сатылы өңдеу
- B) Фрезерлеу
- C) Жыралау
- D) Сүдігер жырту
- E) Плантажды жырту

7. Топырақтың физикалық «пісіп-жетілуі»

- A) Ылғалдану нәтижесінде топырақтың көлемін өзгертуі
- B) Жыртқанда топырақтың ең аз кедергісі болатын және дақылдарды себуге, отырғызуға дайындығын көрсететін жағдайы
- C) Топырақтың сыртқы күштің әсерінен пішінінің өзгеруі
- D) Танаптың толық су сиымдылығына сәйкес келетін жағдайы
- E) Екі еселенген максималдық гигроскопиялығына сәйкес келетін жағдайы

8. Жердің беткі қабатын өңдеу тәсілдері

- A) Плантажды жырту, фрезерлеу
- B) Аудары жырту, айыра жырту
- C) Қаусыра жырту, терең қопсыту
- D) Тырмалау, нығыздау
- E) Тырмалау, катоктау, фрезерлеу

9. Тау жыныстарының физикалық бұзылуын тудыратын фактор

- A) Су, көмірқышқыл газы, оттегі
- B) Тірі организмдер және олардың бөліп шығаратын заттары
- C) Органикалық және минералды қышқылдар
- D) Тәуліктік және маусымдық температураның күрт өзгеруі
- E) Әр түрлі минералы бар судың химиялық әсері

10. Топырақ температурасы әсер етеді

- A) Қоршаған ортаға
- B) Өсімдіктің тамыр жүйесіне
- C) Химиялық реакцияның жылдамдығына
- D) Топырақтың қызуына
- E) Топырақтың механикалық құрамына

11. Қоңыржай белдеуінде өсетін өсімдіктердің үсікке төзетін минуслық температурасы

- A) 4-6<sup>0</sup>C
- B) 10-12<sup>0</sup>C
- C) 2-4<sup>0</sup>C
- D) 12-15<sup>0</sup>C
- E) 6-10<sup>0</sup>C

12. Ауыл шаруашылық өсімдіктерінің фотосинтезіне минималды ауа температурасы

- A) -5<sup>0</sup>C; 0<sup>0</sup>C
- B) +5<sup>0</sup>C; +10<sup>0</sup>C
- C) +10<sup>0</sup>C; +15<sup>0</sup>C
- D) +15<sup>0</sup>C; 20<sup>0</sup>C
- E) 0<sup>0</sup>C; +5<sup>0</sup>C

13. Топырақ өңдеу кезінде топырақты қопсыту, астынан кесу

- A) Сыдыра жырту
- B) Жыралау
- C) Культивациялау
- D) Катоктау
- E) Тырмалау

14. Топырақтың жабысқақтығы

- A) Ылғал топырақтың оны өңдеу құралдарының жұмыс органдарына жабысу қабілеті
- B) Топырақтың өзіне жанасқан заттарға жабысуы
- C) Кез-келген жағдайда топырақтың заттарға жабысу қабілеті
- D) Топырақты өңдегенде оған қарсылық көрсете алатын қабілеті
- E) Топырақтың «пісіп-жетілуін» анықтайтын технологиялық қасиеттері

15. Ұлпа дифференциациясы мен жасушалардың бөлінуі микротыңайтқыштың жетіспеуінен бұзылады

- A) Бор
- B) Кобальт
- C) Мыс
- D) Молибден
- E) Мырыш

16. Топырақты арнайы өңдеу тәсілдері

- A) Культивациялау
- B) Тырмалау
- C) Чизельдеу
- D) Плантажды жырту
- E) Жырту

17. Қайтарым заңын ашқан

- A) Ю.Либих
- B) В.Вильямс
- C) С.Воробьев
- D) К.Тимирязев
- E) Д.Прянишников

18. Минимум заңын толықтырған

- A) В.Р.Вильямс
- B) И.И.Гунар
- C) Ю.Либих
- D) Г.Либшер
- E) Б.Бауле

19. Топырақтың өзінің бойында 0,001 мм көлеміндегі заттарды ұстап қалу қасиеті.

- A) Биологиялық сіңіру
- B) Механикалық сіңіру
- C) Химиялық сіңіру
- D) Физикалық сіңіру
- E) Физикалық-химиялық сіңіру

20. Аммиак селитрасы тыңайтқышының негізгі көзі

- A) Марганец
- B) Азот
- C) Фосфор
- D) Калий
- E) Күкірт



***Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар***

21. Баданалары арқылы көбейеді

- A) Қызғалдақ
- B) Қарақат
- C) Флокс
- D) Пияз
- E) Сүмбіл
- F) Лала гүл
- G) Сарымсақ
- H) Нарғызгүл

22. Фосфорлы тыңайтқыштар түрі

- A) Калий фосфаты
- B) Суперфосфат
- C) Мочевина
- D) Преципитат
- E) Фосфорлы ұн
- F) Томасшлак

23. Жердің беткі қабаттарын өңдеу тәсілдері

- A) Үгіту
- B) Сыдыра жырту
- C) Малалау
- D) Тырмалау
- E) Катоктау
- F) Қопсыту

24. Органикалық тыңайтқыштардың түрі

- A) Көң
- B) Кобальт
- C) Қорда
- D) Торф
- E) Құс саңғырығы
- F) Сабан
- G) Сидерат
- H) Молибден

25. Егін шаруашылығы жүйесінің мелиоративті элементтері

- A) Өнімді сақтау жүйесі
- B) Су мелиорациясы жүйесі
- C) Тұқым себу жүйесі
- D) Ауылшаруашылық және ландшафттық мелиорация жүйелері
- E) Ауылшаруашылық жерлердегі топырақты бақылау жүйесі
- F) Табиғи қоректер орналасқан жерлерді культивациялау жүйесі

26. Марганец тыңайтқышының түрлері

- A) Марганецті шлам
- B) Күкіртқышқылды марганец
- C) Мыс тотияйны
- D) Пирит өртендісі
- E) Марганизирлы суперфосфат

27. Күзгі топарық өңдеу тәсілдері

- A) Тереңге қопсыту
- B) Тереңге жырту
- C) Жазықтабан сыдыражыртқышпен таяз өңдеу
- D) Сүрі жерді терең, аңызды таяз өңдеу
- E) Алмасып отыратын терең қопсыту
- F) Қар тоқтату
- G) Жал жасай жырту
- H) Аңызды нөлдік өңдеу

28. Егін шаруашылығы жүйесінің классификациясы

- A) Интенсивті
- B) Примитивті
- C) Зоналық
- D) Экстенсивті
- E) Агротехникалық
- F) Өтпелі

29. Аралық дақылдардың түрлері

- A) Бүркемелі
- B) Шабындық
- C) Аңыздық
- D) Жаздық аралық
- E) Отамалы

30. Топырақ өңдеудің міндеттері

- A) Топыраққа оптималды құрылымын беру
- B) Арамшөптерді құрту
- C) Өсімдіктерді зақымдайтын зиянкестерге қолайлы жағдай жасау
- D) Топыраққа органикалық және минералдық тыңайтқыштарды қоса енгізу
- E) Арамшөптерді көбейту
- F) Ауылшаруашылық техникасының жұмысын жақсарту үшін қолайлы топырақ үстін құру
- G) Бактериялар мен зиянкестермен күресу
- H) Топырақты себу жұмыстарын жүргізу үшін керекті тереңдікте өңдеу жұмыстары

**Жағдаяттық тапсырмалар**  
**1-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Ауылшаруашылық дақылдары отырғызылған егістіктерде, зиянкестер мен зиянды ағзалардан қорғауға арналған заманауи жүйелерді қолдана бастады. Бұл шаралар алдын алуға бағытталған және үлкен материалдық шығындарды талап етеді.

31. Өсімдіктердің биологиялық қорғау бағыты

- A) Акарицидтерді қолдану
- B) Нематицидтерді қолдану
- C) Родентицидтерді қолдану
- D) Фунгицидтерді қолдану
- E) Вирустық, бактериалдық заттарды қолдану

32. Тірі организмдерді қолдану арқылы зиянкестер мен аурулардың санын реттеуге бағытталған өсімдік қорғау тәсілі

- A) Агротехникалық
- B) Мелиоративтік
- C) Химиялық
- D) Биологиялық
- E) Агротехникалық

33. Зиянды ағзаларға, олардың көбеюі мен өмір сүруіне қолайсыз жағдай жасауға бағытталған агротехниканы қолдану арқылы өсімдік қорғау түрі

- A) Агротехникалық
- B) Мелиоративтік
- C) Химиялық
- D) Биологиялық
- E) Механикалық

34. Зиянды ағзаларды жоюға арналған химиялық препарат

- A) Пестицид
- B) Гербицид
- C) Инсектицид
- D) Фунгицид
- E) Бактерицид

35. Зиянды ағзалармен күресуге арналған арнайы препараттарды қолдану негізіндегі өсімдік қорғау тәсілдері

- A) Механикалық
- B) Химиялық
- C) Агромелиоративтік
- D) Биологиялық
- E) Агротехникалық

**2-жағдаят**  
**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Алматы облысында аумағы 3,5 га болатын көкөніс өнімдерін өсіруге және гүл өсімдіктерін өсіріп, көбейтуге арналған инновациялық жылыжай салынған

36. Қияр екпелерін өсіруге арналған ыдыстар

- A) Пластикалық
- B) Торф-шірінді
- C) Керамикалық
- D) Саз балшықты
- E) Полиэтиленді

37. Тұқымның өсуін жеделдететін және оның ары қарай дамуын қамтамасыз ететін іс-шара

- A) Тұқымдарды микротыңайтқыш ерітіндісінде себу алдында сулау
- B) Топырақты кептіру
- C) Топырақты қопсыту
- D) Жарықпен қамтамасыз ету
- E) Тұқым себу сапасын бақылау

38. Жылыжайдағы өсірілетін дақылдарды үстеме қоректендіру уақыт аралығы

- A) 2-3 күн
- B) 3-5 күн
- C) 5-7 күн
- D) 7-12 күн
- E) 20-25 күн

39. Қияр өсіру үшін оптимальды температура

- A) 30-35<sup>0</sup>С
- B) 12-15<sup>0</sup>С
- C) 25-27<sup>0</sup>С
- D) 15-20<sup>0</sup>С
- E) 10-15<sup>0</sup>С

40. Жылыжайда қолданылмайтын тыңайтқыш түрі

- A) Торф
- B) Калий тыңайтқышы
- C) Фосфор тыңайтқышы
- D) Азот тыңайтқышы
- E) Жасыл тыңайтқыш

***2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.***